

**Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің ағымдағы жағдайы  
( 2005 жылғы 1 маусымға)**

2005 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша республикада 14 жинақтаушы зейнетақы қоры (бұдан әрі – қорлар) өз қызметін жүзеге асырды, олардың республика аймақтарында 74 филиалы мен 74 өкілдігі бар. “Халық зейнетақы қоры” жинақтаушы зейнетақы қоры АҚ атауы “Атамекен” жинақтаушы зейнетақы қоры АҚ атауына өзгертілгенін атап өткен жөн.

10 заңды тұлғаның қорлардың зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға лицензиялары болды, олардың 3 қоры зейнетақы активтерін дербес басқару лицензиясына ие: «МЖЗҚ» АҚ, «Қазақстан Халық Банкінің ЖЗҚ» АҚ және “БТА Құрмет-Қазақстан ЖЗҚ” АҚ-ы.

Есепті күнде 9 екінші деңгейдегі банк және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі кастодиандық қызметті жүзеге асыруда. Сонымен бірге, 7 екінші деңгейдегі банк ЖЗҚ-на кастодиандық қызмет көрсетеді: «Казкоммерцбанк» АҚ, «HSBC Банк Қазақстан» АҚ еншілес банкі, «ЦентрКредитБанкі» АҚ, «Қазақстан Халық Жинақ Банкі» АҚ, «ТЕМІРБАНК» АҚ, «Еуразия Банкі» АҚ, «АСҚ Банкі» АҚ, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі.

**Қорлардың салымшылары (алушылары)**

Міндетті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылардың (алушылардың) дербес зейнетақы шоттарының (бұдан әрі - шот) саны мамыр айында 113 338-ге ұлғайып, ағымдағы жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша 7 094 127 болды.

Міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың (алушылардың) ең көп саны 5 қорларда болды: “МЖЗҚ” ЖЗҚ – 31,82%, “Қазақстан Халық Банкі” – 18,99%, “ҰларҮміт” – 14,50%, “Валют-Транзит-қор”- 8,29% және “БТА Құрмет-Қазақстан” – 7,88% немесе олардың үлесіне салымшылардың шоттарының жалпы санының 81,48 % келеді.

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының саны осы ағымдағы жылдың мамыр айында 137-ге ұлғайып, 2005 жылғы 1 маусымда жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы теңгемен 0,42 млрд. теңгені құрап 30 998 болды.

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар шоттары “МЖЗҚ” ЖЗҚ АҚ-нан басқасының бәрінде болды. Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының ең көп саны мына қорларда болды: “Сенім” – 63,17%, “ҰларҮміт”- 19,39% және “Капитал” – 10,44% немесе осы үш қордың үлесіне салымшылардың шоттарының жалпы санының 93,0% болды.

Ерікті кәсіби зейнетақы жарналарының салымшылары “ҰларҮміт” және “Қазақстан халық банкі” қорында болды. Салымшылардың жалпы саны – 3 119, салымшысының дербес зейнетақы шотында 9,3 млн.теңге болды. Ағымдағы жылдың мамыр айында ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша салымшылар шоттарының саны 65-ге ұлғайды.

Міндетті, ерікті және ерікті кәсіби зейнетақы жарналарын аударатын салымшылар (алушылар) санының өсімі жалпы қорлар бойынша өткен жылғы тиісті кезеңімен салыстырғанда мынадай деректермен сипатталады:

| Салымшылардың (алушылардың) шоттары:<br>Счета вкладчиков (получателей) по: | 01.06.04  | 01.06.05  | Өсім    | Өсу қарқыны<br>( %-пен) |
|--|-----------|-----------|---------|-------------------------|
| міндетті зейнетақы жарналары бойынша                                       | 6 453 948 | 7 094 127 | 640 179 | 9,92                    |
| ерікті зейнетақы жарналары бойынша   | 28 726    | 30 998    | 2 272   | 7,91                    |
| ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша                                  | 533       | 3 119     | 2 531   | в 5,9 раза              |

### Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты


Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты ағымдағы жылдың мамыр айында 11 578 млн.теңгеге (2,18%-ке) көбейіп, 2005 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша 542 086 млн. теңге болды. Жинақталған зейнетақы қаражаты өсімінің қарқыны өткен жылдардың тиісті кезеңдерімен салыстырғанда мынадай деректермен сипатталды:

| Күні     | Жинақталған зейнетақы қаражатының сомасы | Өсім      | (млн.теңге)  |
|----------|--|-----------|--|
|          |  |           | Жинақталған зейнетақы қаражатының өсу қарқыны (%-пен)<br>Темпы роста |
| 01.06.02 | 214 908,9                                | 76 614,4  | 55,40  |
| 01.06.03 | 305 966,6                                | 91 057,7  | 42,37,   |
| 01.06.04 | 406 100,5                                | 100 133,9 | 32,73  |
| 01.06.05 | 542 085,8                                | 135 985,3 | 33,49  |

Көрсетілген кестеде бұрын жинақталған зейнетақы қаражатының абсолютті өсімі кезінде олардың өсу қарқынының жыл сайынғы төмендеуі байқалды. Бірақ 2005 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша 2004 жылғы 1 маусыммен салыстырғанда жинақталған зейнетақы қаражатының өсу қарқыны 0,76 проценттік тармаққа ұлғайып 33,49% болды.

Қорлар арасында ең көп жинақталған зейнетақы қаражаты сомасына мынадай қорлардың салымшылары (алушылар) ие: "Қазақстан Халық банкі" – 137 506 млн. теңге немесе 25,37%, "МЖЗҚ" – 113 107 млн. теңге немесе 20,87%, "ҰларҮміт" – 97 174 млн. теңге немесе 17,93% және "АБН АМРО КаспийМұнайГаз" – 39 362 млн. теңге немесе 7,26% және "БТА Құрмет-Қазақстан" – 39 282 млн.теңге немесе жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасының 7,25%. Жалпы алғанда, осы 5 қор жинақталған зейнетақының жалпы сомасының 78,68% келді.

#### 2005 жылдың 1 маусымға жинақталған зейнетақы қаражатының құрылымы



Зейнетақы активтерінің инвестициялауынан түскен, салымшылардың (алушылардың) дербес зейнетақы шоттарына бөлінген **таза инвестициялық кіріс** сомасы (комиссиялық сыйақыны шегергенде) ағымдағы жылдың мамыр айында 1992 млн. теңгеге (1,56%-ке) өсіп, 2005 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша 129 484 млн.теңге болды.

Таза инвестициялық кірістің өсу қарқыны өткен жылдардың тиісті кезеңімен салыстырғанда мынадай көрсеткіштермен сипатталды:

(млн. теңге)

| Күні       | Таза инвестициялық кіріс сомасы | Өсім   | Өсу қарқыны (%-пен) | Жинақталған зейнетақы қаражатындағы таза инвестициялық кірістің үлесі (%-пен) |
|------------|---------------------------------|--------|---------------------|---|
| 01.06.2002 | 59 927                          | 20 722 | 53,04               | 27,89   |
| 01.06.2003 | 84 578                          | 24 651 | 43,35               | 27,64   |
| 01.06.2004 | 100 731                         | 16 153 | 20,42               | 24,80   |
| 01.06.2005 | 129 484                         | 28 753 | 28,54               | 23,89   |


Көрсетілген кестеде инвестициялық кірістің көлемінің ұлғаюы және өсу қарқыны байқалады. Бірақ, 2005 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша таза инвестициялық кірістің өсім қарқыны 2004 жылдың 1 маусыммен салыстырғанда 8,12 проценттік тармаққа ұлғайып 28,54% болды.

Ағымдағы жылдың 1 маусымда 28 753 млн. теңге болған таза инвестициялық кіріс өсімінің абсолютті сомасы ұлғайғаны байқалғанын атап өткен жөн.

Жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасындағы таза инвестициялық кірістің үлесі 2004 жылғы 1 маусымдағы 24,80% кезде 2005 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша 23,89% болды немесе 0,91% проценттік тармаққа төмендеді. Ағымдағы жылдың мамыр айында үлес 0,20 проценттік тармаққа өсті.

Ағымдағы жылдың мамыр айында жалпы **зейнетақы жарналарының** түсуі 10 235 млн. теңгеге өсіп, 2005 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша 427 004 млн. теңге немесе өсім 2,46% болды.

#### Зейнетақы жарналарының, инвестициялық кірістің және зейнетақы қаражатының өзгеру динамикасы (млрд.теңге)



2005 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша міндетті зейнетақы жарналарын уақытында ұстап қалмауға және аудармауға байланысты ұсталатын **өсімпұл сомасы** 3 043 млн. теңге болды. Ағымдағы жылдың мамыр айында салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шотына 113 млн.теңге өсімпұл аударылды немесе өсім 3,86% болды.

**Зейнетақы төлемдері** ағымдағы жылдың мамыр айында 730 млн.теңгеге (2,46%) өсіп, 2005 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша 30 375 млн. теңге болды. Өткен есепті аймен салыстырғанда зейнетақы төлемдер 67 млн.теңгеге немесе 1,14%-ке өсті.

Есепті кезеңде салымшылар (алушылар) өз **жинақталған зейнетақы қаражатын** бір қордан екінші қорға **аудару** құқығын пайдаланды, нәтижесінде 2005 жылғы 1 маусымда жинақталған зейнетақы қаражаты 84 359 млн. теңге болды. Ағымдағы жылдың мамыр айында жинақталған зейнетақы қаражатын аудару 1 301 млн.теңгені құрады немесе өткен есепті аймен салыстырғанда 109 млн. теңгеге өсті. (9,14%-ке).


Жинақталған зейнетақы қаражатын басқа қорға аударудың мейлінше көп сомасын мына қорлар жүзеге асырды: «МЖЗҚ» - 54,26%, «ҰларҮміт» - 12,04% және «Қазақстан Халық Банкі» - 9,56% және “БТА Құрмет-Қазақстан” – 6,0% немесе осы төрт қордың аударымдардың жалпы сомасының 81,86% келеді.

Мынаны ескеру қажет, мынадай қорлардың жинақталған зейнетақы қаражаты бір проценттен төмен болды: "Капитал" – 0,45%, "Д.А. Конаев атындағы" – 0,57%, "Отан" – 0,69% және "Қазақмыс" – 0,85%.

### **Жинақталған зейнетақы қорларының зейнетақы активтерінің құрылымы**

2005 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша ЗАИБЖАҰ-да инвестициялық басқаруда болған зейнетақы активтерінің жиынтықты көлемі 542 811 млн. теңгені құрап, 2005 жылдың мамыр айында 11 594 млн. теңгеге ұлғайды немесе 2,18%-ке өсті.

2004 жылғы 1 маусымнан бастап 2005 жылғы 1 маусым аралығында зейнетақы активтерінің айлық орташа өсуі 11,38 млрд. теңге болды.



### **Зейнетақы активтерінің жиынтықты көлемін бөлу**

| ЗАИБЖАҰ | Зейнетақы активтер |       |
|---------|--------------------|-------|
|         | млн. теңге         | %-пен |
| ЖЗҚ     |                    |       |
| 1       | 2                  | 3     |

|  |                |               |
|--|----------------|---------------|
| <b>"ABN AMRO Asset Management" ЗАИБЖАҰ" АҚ</b>                                     | <b>46 382</b>  | <b>8,55</b>   |
| "АБН АМРО - КаспийМұнайГаз" Жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ                          | 39 388         | 7,26          |
| "Капитал" Жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ  | 6 994          | 1,29          |
| <b>"Bailyk asset management" ЗАИБЖАҰ" АҚ</b>                                       | <b>47 384</b>  | <b>8,73</b>   |
| "Д.А. Қонаев атындағы ашық үлгідегі мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ | 1 677          | 0,31          |
| "Нефтегаз - ДЕМ" Жинақтаушы зейнетақы қоры" ЖАҚ                                    | 14 067         | 2,59          |
| "СЕНІМ" Ашық жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ   | 23 478         | 4,33          |
| "Қорғау" Жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ   | 8 162          | 1,50          |
| <b>"Premier Asset Management" ЗАИБЖАҰ" АҚ</b>                                      | <b>10 112</b>  | <b>1,86</b>   |
| "Отан" Ашық жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ  | 10 112         | 1,86          |
| <b>"Актив-Инвест" ЗАИБЖАҰ" АҚ</b>  | <b>24 489</b>  | <b>4,51</b>   |
| "Валют-Транзит Фонд" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ                                 | 24 489         | 4,51          |
| <b>"АЛЬФА-ТРАСТ" ЗАИБЖАҰ" АҚ</b>   | <b>14 245</b>  | <b>2,63</b>   |
| "Қазақмыс" Жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ   | 14 245         | 2,63          |
| <b>"Жетісу" ЗАИБЖАҰ" АҚ</b>  | <b>97 239</b>  | <b>17,91</b>  |
| "ҰларҮміт" Жинақтаушы зейнетақы қоры" ЖАҚ  | 97 239         | 17,91         |
| <b>"Нұр-Траст" ЗАБК" ЖАҚ</b>   | <b>12 659</b>  | <b>2,33</b>   |
| "Атамекен" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ   | 12 659         | 2,33          |
| <b>"МЖЗҚ" Жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ</b>  | <b>113 276</b> | <b>20,87</b>  |
| <b>"БТА Құрмет-Қазақстан" Жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ</b>                        | <b>39 344</b>  | <b>7,25</b>   |
| <b>АО "Қазақстанның халық банкі Жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ"</b>                 | <b>137 681</b> | <b>25,36</b>  |
| <b>Зейнетақы активтерінің ЖИЫНТЫҒЫ</b>   | <b>542 811</b> | <b>100,00</b> |

2005 жылғы 1 маусымда инвестицияланған зейнетақы активтерінің көлемі 540 090 млн. теңгені құрады да, 2005 жылғы мамыр айында 21 529 млн. теңгеге немесе 4,15% -ке өсті.

**ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелі**

| <b>Қаржы құралдары</b>  | млн. теңге     | <b>жиынтығы<br/>%</b> |
|---|----------------|-----------------------|
| <b>ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары, оның ішінде</b>                     | <b>240 867</b> | <b>44,60</b>          |
| ҚР еврооблигациялары  |                |                       |
| еврооблигации РК  | 2 470          | 0,46                  |
| Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары                                   | 141 211        | 26,15                 |
| Ұлттық Банктің ноттары  | 97 021         | 17,96                 |
| Жергілікті атқарушы органдардың бағалы қағаздары                        | 165            | 0,03                  |
| <b>Екінші деңгейдегі банктердің салымдары</b>                           | <b>74 007</b>  | <b>13,70</b>          |
| <b>Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары</b>                   | <b>3 679</b>   | <b>0,68</b>           |
| <b>Шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары</b>                | <b>13 052</b>  | <b>2,41</b>           |
| <b>ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде</b> | <b>198 273</b> | <b>36,71</b>          |
| акциялар  | 38 690         | 7,16                  |
| облигациялар, оның ішінде   |                |                       |
| АҚШ долларына номинирленген   | 159 583        | 29,55                 |
| теңгеге номинирленген   | 8 468          | 1,57                  |
|   | 151 115        | 27,98                 |
| <b>Шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары</b>           | <b>10 083</b>  | <b>1,88</b>           |
| акциялар  | 7 226          | 1,36                  |
| облигациялар  | 2 857          | 0,52                  |
| <b>Инвестициялық қорларының шетел пайлары</b>                           | <b>129</b>     | <b>0,02</b>           |
| <b>Жиынтығы:</b>  | <b>540 090</b> | <b>100</b>            |

Келтірілген деректерден көріп отырғандай, мемлекеттік бағалы қағаздар үлесі ЖЗҚ-ның инвестициялық портфельдерінде елеулі бөлігін алып отыр және 240 867 млн. теңгені құрады немесе 44,60% болды. 2005 жылғы 1 мамырмен салыстырғанда МБҚ көлемі 754 млн. теңгеге немесе 0,31%-ке азайды. 2005 жылы мамыр айында Қазақстан Республикасының эмитенттерінің корпоративтік бағалы қағаздар көлемі 12 044 млн. теңгеге немесе 6,47%-ке көбейді. Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар көлемі есепті кезең ішінде 6 189 млн.теңгеге немесе 9,13%-ке өсіп, 74 007 млн. теңге болды.

Зейнетақы активтерін дербес инвестициялық басқаруды жүзеге асырушы ЗАИБЖАҰ мен ЖЗҚ зейнетақы активтерінің салымдарын екінші деңгейдегі банктерге тек ұлттық валютада салатынын атап өткен жөн.

2005 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфеліндегі халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздарының үлесіне 0,68% келіп отыр. ЖЗҚ-ның жиынтық портфеліндегі шетелдік эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздарының көлемі 2005 жылы мамыр айында 36,73%-ке көбейіп, 13 052 млн. теңге болды. Шетелдік эмитенттердің мемлекеттік емес бағалы қағаздарының үлесі 1,88% болды.

## **2002 жылғы мамыр – 2005 жылғы мамыр аралығындағы қорлардың номиналды кірісінің коэффициенті туралы 2005 жылғы 1 маусымға мәліметтер**

2002 жылғы мамырдағы – 2005 жылғы мамырдағы кезеңде қорлардың зейнетақы активтері бойынша номиналды кірістің орташа алынған коэффициенті 22,71% болды.

ЖЗҚ бөлігінде номиналды кіріс коэффициентінің мағыналары туралы ақпарат [www.afn.kz](http://www.afn.kz). Web-сайтында орналастырылған.

### **Қорлардың қаржы жағдайы**

Қорлардың **жиынтық меншік капиталы** 2005 жылы 1 маусымдағы жағдай бойынша 9 882,1 млн. теңге болып, соның ішінде жиынтықты төленген жарғылық капитал 6 198,9 млн. теңге немесе меншікті капиталы көлемінің 62,7% болды. Есепті айда меншікті капиталы 165,6 млн.теңгеге немесе 1,7% өсті.

2005 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша қорлар резервтік капиталды жалпы сомада 1 439,2 млн. теңге немесе қорлардың меншікті капиталы көлемінің 14,6% болды.

Ағымдағы жылдың қаңтар-мамыр айларында барлық қорлар, “Капитал” қорын қоспағанда, жалпы сомасы 1 738,6 млн. теңге болатын кіріс алды. Кірістің ең көп сомасын “Қазақстан Халық Банкі”- 41,8%, “МЗЖҚ” - 17,4%, “Құрмет-Қазақстан БТА” - 9,6% және “Ұлар Үміт” - 6,8% қорлары алды немесе осы төрт қор барлық қорлардың жалпы кірісінің 75,6% болды.

2005 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларының міндеттемелер сомасы 385,6 млн. теңге немесе қорлардың меншікті активтері көлемінің 3,8% болды.

2005 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша меншікті активтері есебінен **қорлардың қаржы инвестициялары** 7 654,1(6 998,4) млн. теңгені немесе меншікті капиталы көлемінің 77,5% болды. Ағымдағы жылдың мамыр айында қаржы инвестицияларының көлемі 655,7 млн.теңгеге немесе 9,4% өсті.

*Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің деректері бойынша.*